АҢДАТПА

«8D04202 – Теориялық құқықтану» білім беру бағдарламасының ғылыми -педагогикалық бағыты бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алу үшін ұсынылған ИСАХАНҚЫЗЫ АЙГЕРІМНІҢ диссертациясына тақырыбы: «Ақпараттық саладағы міндеттерді реттеудің құқықтық тетігі»

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация Қазақстан Республикасындағы ақпараттық құқықтық қатынастардың әртүрлі субъектілерінің міндеттерін реттеудің құқықтық негіздерін зерттеуге арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстанның жаңа Конституциясы адамның цифрлық және ақпараттық ортадағы құқықтарын қорғау қағидаттарын бекітеді, ал заңнама осы құқықтардың іске асырылуын цифрлық және ақпараттық міндеттер кешенін белгілеу арқылы қамтамасыз етуге тиіс.

Субъектінің ақпаратты іздеу, алу және беру құқығын жүзеге асыру ақпараттық құқықтың ең маңызды, айқындаушы институты болып табылады. Бұл институттың негізін ақпараттық құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын ақпараттық-құқықтық нормалар құрайды. Ақпараттық құқықтардың аясы халықаралық та, ұлттық та заңнамада айқындалып, бекітілген болса, ақпараттық міндеттердің аясы көптеген мән-жайға байланысты өзгеретін ұғым болып отыр. Олардың мақсаты құқықтың өзін жүзеге асыруды да, осы қатынастарға тартылған басқа субъектілердің мүдделерін қорғауды да қамтамасыз ету. Құқықтың өзге салаларында міндеттер жеткілікті дәрежеде зерттелгенімен, ақпараттық құқық саласында оларға арнайы талдау жүргізілмеген.

Ақпараттық міндеттердің ерекшелігі – олардың қолданыстағы заңнамада көбіне тіпті айқындалмауы. Бұл заң шығарушының субъектілерге қойылатын талаптарды дер кезінде нақтылап үлгермеуімен және міндеттерді белгілеудің орнына құқықтарға шектеулер енгізуді жөн көруімен көп жағдайда байланысты. Мұндай тәсіл қарсылық туғызып, кейде құқықтардың өз беделін түсіреді.

Көптеген міндеттер заңға тәуелді актілер деңгейінде айқындалған, бұл да олардың орындалу сапасына әсер етеді. Олардың бірқатары таза техникалық сипатта болады, өйткені субъектінің рөлі атқарушылық қызметпен шектеледі, ал негізгі мәнге ақпараттың өзі және оның үздіксіз айналымы ие болады.

Ақпараттық міндеттердің тағы бір ерекшелігін атап өткен жөн: бірдей жағдайларда олар ақпараттық жүйелер мен ресурстардың меншік иелері, иеленушілері немесе пайдаланушылары және басқа да құқықтық қатынас субъектілері үшін олардың мәртебесіне қарай әртүрлі болады. Мұндай сараланған тәсіл ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуы жүріп жатқан қазіргі кезеңде жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау қажеттілігімен анықталады.

Әрбір мемлекет ақпараттық технологиялардың даму деңгейін және азаматтарының ақпараттық үдерістерге қатысу дәрежесін негізге ала отырып, өзінің ақпараттық заңнамасын дамытуға ұмтылады. Халықаралық ұйымдардың құқықтық реттеуді біріздендіру әрекеттері әрдайым күтілген нәтижеге жеткізбейді: ұлттық заңнама мұндай тәсілдерді не ырықтандырады, не қатаңдатады.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері айрықша өзекті әрі маңызды. Ол нақты ақпараттық міндеттердің орындалуы арқылы қамтамасыз етіледі; сондықтан заң шығарушы олардың аясын анық белгілеп, бұзылғаны немесе орындалмағаны үшін заңдық жауаптылық шараларын көздеуге тиіс. Осы мәселе бойынша әлемдік

қоғамдастық ортақ ұстанымда болуы қажет, өйткені ақпарат алмасудың жаһандануы тәуекелдер мен қатерлерге қарсы барабар бірлескен шараларды талап етеді. Алайда бұрынғы және қазіргі тәжірибе бірыңғай тәсілдердің жоқтығын көрсетеді, бұл интернет-алаяқтық пен өзге де қылмыстық қызметтің өршуіне қолайлы жағдай туғызады.

Ақпараттық міндеттер мәселесінің өзектілігін арттыратын тағы бір жайт – қазіргі кезде олардың қаржы, ақпарат және басқа салалардағы қызмет көрсетушілердің актілерінде барған сайын қатаң әрі нақты жазылуы. Көптеген міндеттер шарттық тәртіппен белгіленеді.

Осының бәрі ақпараттық міндеттердің табиғатын түсінуге, оларды жіктеу мен жүйелеуге, сондай-ақ өзге теориялық және практикалық мәселелерге терең теориялық талдау жүргізу қажеттігін көрсетеді. Қазақстанның ақпараттық заңнамасы әлі қалыптасу үстінде. Сонымен қатар Цифрлық кодекс пен жасанды интеллект туралы заңнама қабылданды. Бұл Қазақстанның цифрлық экономиканың дамуын жеделдетіп, жасанды интеллектіні неғұрлым кең қолдануды жоспарлап отырғанын білдіреді.

Осы және өзге де мән-жайлар цифрлық қоғам жағдайында ақпараттық міндеттерді бекіту мен олардың орындалуын қамтамасыз етудің құқықтық реттеу тетігіне ғылыми қызығушылықты айқындады.

Зерттеудің мақсаты – ақпараттық саладағы міндеттерді құқықтық реттеудің теориялық негіздері туралы тұжырымдамалық ережелер әзірлеу, сондай-ақ ақпараттық құқықтық қатынастардың ерекшеліктеріне, олардың қазіргі жай-күйіне және Қазақстан Республикасында ақпараттық қоғамның қалыптасуы жағдайындағы құқықтық реттеу жүйесінің даму келешегіне байланысты ақпараттық міндеттердің құқықтық табиғатының іргелі сипаттамаларын кешенді зерттеу негізінде Қазақстан Республикасының ақпараттық заңнамасы мен жасанды интеллект туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар қалыптастыру.

Аталған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

– құқықтық қатынас мазмұнының ажырамас екінші құрамдасы – субъективтік құқық пен заңдық міндеттердің арақатынасы туралы қазіргі мәселенің негізгі тәсілдерін зерттеу;

– ақпараттық құқықтық қатынастардың құрамдасы ретінде ақпараттық міндеттер ұғымын талдау;

– ақпараттық міндеттердің жіктемесін ұсыну;

– ақпараттық міндеттердің көлемі мен сипаттамаларының айналымдағы ақпараттың ерекшелігіне тәуелділігін зерттеу;

– ақпараттық құқықтық қатынастардың негізгі субъектісі ретіндегі мемлекеттің рөлін талдау;

– қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында мемлекет, қоғам, жеке және заңды тұлғалар арасындағы ақпараттық міндеттерді тиімді бөлу және іске асыру тетігін әзірлеу;

– жасанды интеллект белсенді енгізіліп, қолданылып жатқан жағдайда ақпараттық заңнаманың проблемалары мен міндеттерін ашып көрсету.

Диссертациялық зерттеудің объектісі – ақпараттық қоғамның дамуы жағдайында ақпараттық құқықтық қатынастар саласында туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеудің әдіснамасы мен әдістері жалпыфилософиялық, жалпығылыми және арнайы зерттеу әдістерін ұштастыра қолдануға негізделеді. Философиялық әдіс

құқықтың табиғатын, оның құндылықтарын және қоғамдағы рөлін танымның жалпы қағидаттары арқылы зерттеуге мүмкіндік беріп, құқықтық зерттеудің әдіснамалық негізі болды. Ол логикалық және тарихи талдауды үйлестіруге, абстрактілі ұғымдардан нақтырақ қорытындыларға көшуге де жағдай жасады. Жүйелік талдау әдісі, сондай-ақ диалектикалық, тарихи-логикалық, формалды-логикалық және басқа да пайымдау әдістері қолданылды. Жүйелік тәсіл ақпараттық-құқықтық қатынастар элементтерінің байланысын көрсетуге және ақпараттық саладағы міндеттердің ерекшеліктерін ашуға көмектесті. Жұмыста формалды-құқықтық, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық және басқа да талдау әдістері пайдаланылды.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы – онда посткеңестік кеңістікте алғаш рет Қазақстан Республикасының тәжірибесі мысалында ақпараттық міндеттер ұғымына құқықтық санат ретінде ғылыми талдау жүргізілуінде.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы құқық теориясын, ақпараттық және цифрлық құқық теориясын дамытуда жатыр. Алынған нәтижелер ақпараттық және цифрлық құқықтың өзге мәселелерін, ақпараттық құқықтық қатынастарды құқықтық реттеу мәселелерін зерттеуде қолданылуы мүмкін.

Бұған қоса диссертациялық зерттеудің нәтижелерін мемлекеттік-құқықтық бағыттағы пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін, сондай-ақ ақпараттық және цифрлық құқық бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жетілдіру үшін пайдалануға болады.

Зерттеудің практикалық маңызы алынған тұжырымдар мен нәтижелерді заң шығарушы органның практикалық қызметінде, соның ішінде құқық шығармашылығы мен құқық қолдану жұмысын жетілдіру үдерісінде пайдалану мүмкіндігінде жатыр.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

1. Қазіргі халықаралық және ұлттық құқықта құқықтар мен міндеттердің нормативтік бекітілуі арасында белгілі бір сәйкессіздік бар екені анықталды: адам құқықтары заңдық міндеттерге қарағанда егжей-тегжейлі реттелген. Бұл міндеттер институтын одан әрі ғылыми тұрғыдан ұғынуды және дамытуды талап етеді.
2. «Ақпараттық міндет» терминіне авторлық анықтама берілді: ол ақпараттық салада контрагенттің өзі құқылы игілікті пайдалануына кедергі келтірмеу мақсатында заңға, шартқа, лауазымға, моральдық нормаларға немесе өзге де негіздерге сәйкес орындалуға тиіс шаралардың, іс-әрекеттердің және қағидалардың біртұтас кешені.

Ақпараттық міндеттер мен құқықтар ақпараттық құқықтық қатынастардың барлық қатысушыларының мүдделерін теңестіру арқылы ақпараттық кеңістіктің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін біртұтас жүйенің өзара байланысты элементтері болып табылады.

Ақпараттық міндеттердің мазмұны мен көлемі әр мемлекет ұстанатын ақпараттық саясат арқылы айқындалады.

Ақпараттық міндеттердің мазмұны мен табиғатын одан әрі теориялық-құқықтық тұрғыдан пайымдау, сондай-ақ цифрлық қоғам жағдайлары мен жасанды интеллект технологияларын белсенді қолдануды ескере отырып, олардың қолданыстағы заңнамада нормативтік бекітілуін жетілдіру қажеттігі туралы қорытынды жасалды.

3. Ақпараттық саладағы міндеттер құқықтардың болуынан туындайтыны дәлелденді. Осыған сүйене отырып, ақпараттық міндеттердің мынадай жіктемесі ұсынылды:

– ақпарат пен ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер;

– ақпарат өндіру (жасау) және тарату құқығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер;

– ақпаратты қорғауды және жалпы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер.

4. Ақпараттың құқықтық мәртебесі оны пайдалану және айналымға енгізу тәртібін айқындайтыны дәлелденді. Мемлекеттің, қоғам мен азаматтардың мүдделерін қорғау, сондай-ақ ақпараттық үдерістердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажет ақпараттық қатынастар қатысушыларының міндеттер аясы осы мәртебеге байланысты.

Ақпараттық режимді ақпараттық міндеттердің көлемін айқындайтын жүйелі заңдық фактор ретінде қарастыру ұсынылады. Ақпараттық режим ақпаратпен жұмыс істеудің рұқсат етілетін тәсілдерін белгілеп қана қоймай, субъектілерге жүктелетін оң және теріс сипаттағы ақпараттық міндеттердің жиынтығын, мазмұнын, қарқындылығы мен шектерін де айқындайды. Демек, ақпараттың құқықтық режимінің өзгеруі оған сәйкес келетін ақпараттық міндеттердің көлемін де өзгертеді.

5. Мемлекет ақпараттық құқықтық қатынастардың аса маңызды субъектісі болғандықтан ақпараттық міндеттер мен міндеттемелердің негізгі бөлігін өз мойнына алатыны негізделді. Ол негізгі ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерге ие, мемлекеттік ақпараттық саясатты қалыптастырады және ақпараттық заңнаманы жасау арқылы елдің ақпараттық кеңістігінің біртұтастығын қамтамасыз етеді. Ақпараттық саладағы мемлекеттің басты міндеті – ақпарат айналымы мен оны қорғаудың жүйелілігі және болжамдылығын қамтамасыз ету.

6. Ақпараттық қоғамның тұрақты жұмыс істеуі, ұлттық мүдделерді қорғау және қауіпсіз цифрлық ортаны дамыту төмендегі міндеттер орындалған жағдайда қамтамасыз етілетіні дәлелденді:

– мемлекет нормативтік-құқықтық базаны, сертификатталған қорғау құралдарын әзірлеп, енгізуге, технологиялық егемендікті қамтамасыз етуге, ақпараттық қатерлерге мониторинг жүргізіп, оларға жедел ден қоюға, сондай-ақ киберқауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға міндетті;

– қоғам ақпараттық міндеттерін өзін-өзі реттеу, жалған және құқыққа қайшы ақпараттың таралуын бақылау, адамгершілік және рухани құндылықтарды сақтау, қоғамдық маңызы бар бастамаларға қатысу, балалар мен басқа да осал топтарды қорғау арқылы орындайды;

– жеке және заңды тұлғалар дербес деректер мен онлайн платформалар туралы заңнаманы сақтауға, цифрлық мәдениет пен цифрлық гигиенаны қолдауға, балалардың ақпаратты пайдалануын бақылауға және ақпараттық саладағы құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға міндетті.

7. Жасанды интеллектіні пайдалану туралы заңнама қалыптасып жатқан жағдайда әлемдік практика құқықтық реттеудің төмен тиімділігіне тап болды; бұл оның ұсынымдық сипатымен түсіндіріледі. Жасанды интеллектіні қолдану саласындағы ұлттық заңнаманың қазіргі міндеті осындай құқықтық қатынастардың барлық субъектілеріне нақты міндеттер белгілеу болуы тиіс екені негізделді.

Мұндай міндеттер жеке жауапкершіліктің, қоғамдық бақылаудың және мемлекеттік реттеудің үштағанынан туындауы қажет.

Ізденушінің жеке үлесі. Диссертациялық жұмыстың барлық нәтижелері автордың жеке қатысуымен алынды. Диссертант зерттеу тақырыбы бойынша әдеби деректерді өз бетінше талдады, әлеуметтанулық сауалнама жүргізді, зерттеу нәтижелерін өңдеп, талдады, диссертация қолжазбасын жазып, ресімдеді.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы зерттеу объектісі мен пәнін ескере отырып қалыптастырылған зерттеу әдістерімен және эмпирикалық базамен айқындалады. Жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелері сынақтан өткізіліп, ғылыми жарияланымдарда және халықаралық ғылыми конференциялардағы баяндамаларда көрініс тапты.

Зерттеу нәтижелері 2024 жылы International Jornal of Electronic Security and Digital Forensics журналында жарияланған мақалада көрініс тапты. Мақала ақпараттық саладағы міндеттерді бекітуді құқықтық реттеу проблемасына арналған. Сондай-ақ жүргізілген зерттеудің ғылыми нәтижелері Katowic Business University университетінде (Польша, Катовице қ.) тағылымдамадан өту кезінде сынақтан өткізілді.

Диссертация материалдарының баспасөзде жариялану толықтығы. Ғылыми нәтижелер автордың 7 жарияланымында ұсынылған. Олардың ішінде Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық басылымдағы 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы 3 мақала, халықаралық конференция материалдарындағы 3 мақала және отандық ғылыми құқық журналындағы 1 мақала бар.